



Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын дамытудың және су шаруашылығы саясатының 2010 жылға дейінгі тұжырымдамасын мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 21 қаңтар N 71

Су ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану, экономиканың су

секторының теңдестіріле дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын дамытудың және су шаруашылығы саясатының 2010 жылға дейінгі тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 21 қаңтардағы
N 71 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын дамытудың
және су шаруашылығы саясатының 2010 жылға дейінгі
Тұжырымдамасы

Жалпы бөлім

Тұжырымдамада қолданылатын негізгі терминдер мен айқындамалар:
Су қоры - Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық сулар, ол мыналарды қамтиды:

өзендер, көлдер, батпақтар, тоғандар, су қоймаларының сулары, басқа да жер бетіндегі су ресурстары, сондай-ақ арналар мен магистральдық су жолдарының сулары;

ж е р а с т ы с у л а р ы ;

м ұ з д ы қ т а р ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий және Арал
т е ң і з і н і ң с у л а р ы .

Су айдындары - ағын су мен іркінді судың табиғи немесе жасанды жолмен жиналуы
(көлдер, өзендер мен бөгендер, су қоймалары және т.с.с.).

Су жолдары (арналар) - суды белгіленген бағытқа жеткізуге және әкетуге арналған
г и д р о т е х н и к а л ы қ қ ұ р ы л ы с т а р .

Қашыртқы - жер асты суларын төмендетуге және тоспаға әкетуге, сондай-ақ жерді
құрғатуға арнап қолдан жасалған ашық немесе жабық арна.

Тоспа - қашыртқы әкететін жер асты суларын қабылдап, одан әрі су айдындары мен
сарқынды суды төгу үшін арнайы ұйымдастырылған жерлерге әкетуге арнап қолдан
ж а с а л ғ а н а ш ы қ н е м е с е ж а б ы қ а р н а .

Суды пайдаланушылар - суды өз қажеттері (мұқтаждары) үшін белгіленген
т ә р т і п п е н п а й д а л а н а т ы н с у б ь е к т і л е р .

Гидромелиорация - суару, суландыру және құрғату арқылы топырақтың су режимін
р е т т е у г е б а ғ ы т т а л ғ а н і с - ш а р а л а р к е ш е н і .

Гидромелиорациялық жүйе - суарылатын, суландырылатын, құрғатылатын
жерлердегі технологиялық өзара байланысты гидротехникалық құрылыстар,
қ ұ р ы л ғ ы л а р м е н ж а б д ы қ т а р к е ш е н і .

Сорғыту (құрғату) жүйесі - топырақ суының деңгейін реттеуге, артық суды төгу
үшін арнайы ұйымдастырылған жерлерге жинау мен әкетуге арналған технологиялық
өзара байланысты гидротехникалық құрылыстар (қашыртқылар, тоспалар және т.с.с.)
к е ш е н і .

Сорғытпа сулар - сорғыту жүйелері жинайтын сулар.

Суды пайдалану көзі - суы тікелей су пайдаланушылар мұқтаждарын
қанағаттандыру үшін пайдаланылатын теңіз, өзен, көл, су қоймасы немесе бөген,
оларға келіп құйылатын салалары, магистральдық арналар мен су жолдары, сондай-ақ
ж е р а с т ы с у л ы қ а б а т т а р ы .

Коммуналдық су жолдары (арналар) - коммуналдық меншіктегі және суды су
пайдаланушылар арасында жеткізу мен таратуға арналған су жолдары (арналар).

Көлдете суару - бөгет, тосқауыл және басқа да гидротехникалық құрылыстар жүйесі
көмегімен суға бастыру арқылы жүзеге асырылатын топырақты бір мәрте көктемгі
ы л ғ а л д а н д ы р у .

Су тұтыну лимиті - белгілі бір уақыт кезеңінде су пайдалану көзінен алынатын және
арнайы су пайдалануға рұқсаты бар су тұтынушылар үшін уәкілетті мемлекеттік орган
ж ы л с а й ы н б е л г і л е й т і н с у к ө л е м і .

Магистральдық су жолдары (арналар) - тоғандардан су алуды жүзеге асыратын су
ж о л д а р ы (а р н а л а р) .

Мелиорациялық желі - ауыл шаруашылығы жерлерін мелиорациялауға (суару, суландыру, топырақ-ыза суларын реттеу) арналған арналар, тоспалар, қашыртқылар және олармен технологиялық байланысты гидротехникалық құрылыстар мен құрылғылардың жиынтығы немесе кешені.

Мемлекетаралық су жолдары (арналар) - бірнеше мемлекеттің аумағында орналасқан және мемлекеттер арасында су ресурстарын бөлуге арналған су жолдары (арналар) .

Суармалы жерлер - арнайы суару техникасын қолданып немесе қолданбай суару жүйесінің көмегімен жасанды ылғалдандырылатын жерлер.

Суару жүйесі - жерді суаруға арналған гидротехникалық және өзге де ирригациялық құрылыстар жүйесі .

Жалпы су пайдалану - су ресурстарын жекелеген азаматтарға бекітіп берместен және су күйіне әсер ететін құрылыстарды немесе техникалық құрылғыларды қолданбастан халықтың ауыз суға және өзге де мұқтаждарын қанағаттандыру үшін жүзеге асырылатын су пайдалану .

Суару суы - суару мақсатында су пайдалану көзінен алынған су.

Республикалық су жолдары (арналар) - коммуналдық су жолдарына (арналар) суды жеткізуге арналған республикалық меншіктегі және/немесе республика үшін стратегиялық маңызы бар магистральдық су жолдары (арналар).

1 . К і р і с п е

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан - 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын К972030_ а н ы қ т а п б е р д і .

Соңғы жылдары жеткіліксіз қаржыландыру салдарынан және ел экономикасын реформалаумен байланысты бірқатар басқа да себептермен республика су шаруашылығы құлдырау жағдайына жетті. Тек суармалы егіншілік өнімінің жыл сайынғы ысырабы 60,0 млрд. теңгеге бағаланып отыр, ал экономиканың басқа салаларын ескергенде сумен қамтамасыз ету нашарлауының әлеуметтік зардаптары одан да тереңдей түседі. Су шаруашылығының бүкіл инфрақұрылымы қауіпті және мейлінше қанағаттанғысыз техникалық күйде тұр.

Экономиканың су секторында қалыптасқан ахуал мемлекеттің су шаруашылығы саясатын түбегейлі жетілдіруді талап етеді.

Қазіргі уақытта, орталықтандырылған экономика жағдайында жасалған елдің су шаруашылығын басқару жүйесі белгілі бір дәрежеде әкімшілік-әміршілдік қағидаттарға негізделген ескі экономикалық қатынастарды сақтауда. Осының нәтижесінде оның шаруашылықты жүргізудің жаңа нарықтық жағдайларына бейімделу процесі

қиындықпен жүруде. Сол себепті жүйенің басқарылуы қиын күйде қалып отыр, су пайдаланушылардың суды ұтымды пайдалануға жанды мүдделілігі жоқ, су шаруашылығы мен гидромелиорациялық жүйелердің техникалық күйі нашарлауда, суармалы жерлердің орасан зор алаңдары шаруашылық айналыстан шығып қалуда.

Жоғарыда айтылғандар су шаруашылығын басқарудың қалыптасқан құрылымын қайта қарауды, су шаруашылығы субъектілерінің міндеттерін, су шаруашылығы мен гидромелиорациялық объектілер мәртебесін нақты анықтау мен межелеуді, саланы тиімді басқару мен су ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін экономикалық қатынастардың жаңа тетігі мен қаржы ағындарының ашық жүйелерін әзірлеуді талап етеді.

2. Тұжырымдаманың мақсаты

Осы Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 17 ақпандағы N 344 U000344_ Жарлығын дамыту үшін әзірленген.

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты - республика азаматтарының денсаулығы мен әл-ауқаты үшін елдің су ресурстарын сақтау мен ұтымды пайдалану проблемаларын шешудің негізгі жолдарын айқындау (Стратегия - 2030), әлеуметтік-экономикалық даму қажеттілігінің теңгерімі мен су ресурстарын ұдайы молайту мүмкіндігін судың нормативтік сапасы - "тұрақты су пайдалану" талаптары деңгейінде қамтамасыз ету болып табылады. Тұжырымдама экономиканың су секторын және мемлекеттің су шаруашылығы саясатын дамыту жөніндегі заңнамалық базаны жетілдіру нақты бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу үшін негіз ретінде қызмет етеді.

Онда суды пайдаланудың экономикалық оңтайлы әрі қауіпсіз деңгейіне қол жеткізу мен қолдаудың қазіргі көзқарастарының жиынтығын көрсететін ережелер жазылып, оның дамуының үрдістері бағаланып, 2010 жылға дейінгі басым бағыттары айқындалып, мақсаттары мен міндеттері белгіленді.

Жазылған тұжырымдамалық ережелер, соның ішінде нормативтік құқықтық кесімдерді, су шаруашылығы бағдарламаларын, су объектілерін кешенді пайдалану мен қорғаудың схемаларын, инвестициялық жобалар мен басқа да құжаттарды әзірлеуді қоса алғанда, су ресурстары мен олардағы объектілерді пайдалану және қорғаумен байланысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде бағдарға айналуы тиіс.

3. А х у а л д ы т а л д а у

1. С у ф а к т о р ы н ы ң р ө л і

Ауыл шаруашылығы өндірісіне арналған едәуір жер қоры әрі республиканың

оңтүстік және батыс облыстарында одан әрі игеру су ресурстары қорының жетіспеуінен тежелуде. Елдің жекелеген аймақтарында табиғи байлықтарды игеру мен өндіруші күштердің тиісінше дамуы да су ресурстарының тапшылығынан тежелуде. Елдің орталық, батыс және ішінара оңтүстік аймақтарында ауыл халқын сапалы сумен қамтамасыз ету мәселесі өткір қойылуда. Одан әрі әлеуметтік-экономикалық даму су мен экологиялық проблемаларын шешу су шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың деңгейімен және елдің су ресурстары мен су пайдалануды басқаруда таңдап алынған жолдың дұрыстығына қарай айқындалады.

Халық санының өсуі мен экономиканың дамуы салдарынан су тапшылығының артуы, су ресурстарының құруы қаупі төнген Орталық Азияда, соның ішінде Қазақстанда да су айқындаушы факторға айналды. Ертіс, Жайық, Іле, Сырдария, Шу, Талас өзендерінің трансшекаралық бассейндерінде суды мемлекетаралық бөліске салудың проблемалары табиғи қуаңшылық кезеңдерінде шиеленісіп, ал оларды шешу перспективасы аяқталар емес.

2 . С у р е с у р с т а р ы

Қазақстанның жер бетіндегі су ресурстары 100.5 км³, олардың ішінде тек 56.5 км³ ғана республика аумағында құралады, қалған көлемі Орталық Азия мемлекеттерінен, Ресей Федерациясы мен Қытайдан келіп түседі.

Өзен ағынының көлемі бойынша Қазақстан ғаламшардағы сумен неғұрлым аз қамтамасыз етілген елдердің қатарына жатады. Су ресурстарының аумағы бойынша бөлінісі мейлінше әркелкі әрі аймақтар мен экономика салаларының сумен әркелкі және тұрақсыз қамтамасыз етілуіне алғышарт жасайды. Қажетті су тұтыну көлемі 54.5 км³, ал сулылығы орташа жылдағы шаруашылықта пайдаланылуы мүмкін қолда бар көлемі 46.0 км³-ден аспайды.

Қуаңшылық жылдары су ресурстарының жалпы көлемі 58 км³-ке дейін, ал қолда бары тиісінше 26 км³-ке дейін азаяды.

Қайтымды сулар көлемі - 4.0 км³-ке жуықты құрайды, су көздеріне қайтарылатыны - 2.0 км³-ден аспайды, қалған ағыны сіңіп кетеді немесе құрдымға кетеді. Қайтымды сулар табиғи сулар мен қоршаған ортаны ластаудың негізгі көзі болып табылады, оларды кәдеге жарату мен тазарту әзірге шешімін тапқан жоқ.

3 . С у д ы ң с а п а с ы

Республиканың су объектілерінің іс жүзінде барлығының сапалық жай-күйі қанағаттанғысыз, неғұрлым ластанған өзендер Жайық, Ертіс, Нұра және Сырдария. Ластану өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, қашыртқылық және басқа да сарқынды сулардың тасталуы есебінен жүреді. Жер асты сулары да ластануда, олардың

сапасының нашарлағаны көптеген кен орындарында атап өтілуде.

4. Су шаруашылығының ахуалы

Елдің бір кездегі біртұтас су шаруашылығы жүргізілген реформалар мен жекешелендірудің нәтижесінде ыдырады. Басқару жүйесін барабар реформалау болған жоқ. Мұның бәрі су шаруашылығы субъектілерінің функционалдық міндеттерінің ғана емес, көптеген су шаруашылығы объектілері мәртебесінің ажыратылмауына әкелді. Бұл объектілердің бір бөлігі жекешелендіріліп, бұрынғы колхоздар мен совхоздар мүлкінің құрамындағы мүліктік пайларға бөлінгені мәлім. Ірі шаруашылықтардың неғұрлым ұсақтарға, соның ішінде олардың кейін жаңа қағидаттармен біріктірілмей шаруа және фермер қожалықтарына бөлінуі нәтижесінде бұрынғы шаруашылық ішілік арналар басқарусыз, ал көбінесе иесіз қалды. Нәтижесінде, олар жөнделмей, жарамсыз күйге келді.

Судың нормативтен тыс орасан зор ысырабы және суармалы суды ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін жүйенің болмауы өнімнің өзіндік құны құрылымындағы суландыру шығынындағы үлесінің артуына әкелуде, мұның өзі түптің түбінде оның бәсекелесу қабілетін төмендетеді.

Суды пайдаланушылар бірлестігін құрудың тиянақты заңдық базасы жоқ. Қазіргі жұмыс істеп жатқан суды пайдаланушылар бірлестіктерінің бір бөлігі суды пайдаланушылар ассоциациялары түрінде, ал бір бөлігі - суды пайдаланушылардың тұтынушылар кооперативтері түрінде құрылған. Сондықтан, суды пайдаланушылардың негізгі қауымы ыдыраңқы күйде қалуда, тиісінше суды пайдаланудың бүкіл жүйесін ұстау жөніндегі олардың қызметін үйлестіру де жоқ.

Жекешелендіру кезінде су шаруашылығы объектілері мен құрылыстарының бірыңғай технологиялық кешенінің жекелеген бөліктері кейде суармалы жерлерге қатысы жоқ тұлғалардың қолына өтіп, олар суды пайдаланушыларды алқаптарын суландыру жүйесіне байлаған, борышкерлік тәуелділікке түсірген монополияшыларға айналуда.

5. Күшті жақтары

1993 жылға дейін тиісті инфрақұрылымы бар су шаруашылығы саласы құрылған еді, бұл ретте суландырылатын қор 2,3 млн. га-ны құрады, ауыл шаруашылығын сумен жабдықтауды 54 топтық су құбыры берді, пайдалы сыйымдылығы 48,0 км³ 200-ден астам су қоймасы, 340-қа жуық су торабы мен су көздеріндегі құрылыстар, су шаруашылығы жүйесіне қызмет көрсететін кәсіпорындар, мамандандырылған өнеркәсіп орындары, жөндеу-техникалық қызметтері, автоматика мен метрология жөніндегі кәсіпорындар, жобалау, ғылыми және жоғары оқу орындары жұмыс істеді.

С о ң ғ ы ж ы л д а р ы :

табиғат қорғау заңнамасының негіздері әзірленді;
су ресурстарын пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша бірқатар халықаралық келісімдер мен конвенцияларға қол қойылды;
суды қорғау қызметін басқару жүйесі құрылды;
суды ластау көздерінің мемлекеттік кадастрлары және оларды орналастыру карталары жасалды;
суды беру жөніндегі қызметтер көрсеткені, су ресурстарын пайдалану құқығы және су ортасын ластағаны үшін төлемдер төлеу жүйесі дамытылуда.

6 . Ә л с і з ж а қ т а р ы

Су ресурстарының тапшылығы мен олардың ластануы:
бұрын құрылған су шаруашылығы жүйесінің үдемелі ыдырауы, бөгеттердің, су тораптарының және басқа да құрылыстардың техникалық жай-күйінің апатты нашарлауы;
көптеген құрылыстар мен су шаруашылығы объектілері иесіз және оларды ұстауға қолдаусыз қалды;
халықты ауыз сумен қамтамасыз ету проблемаларының шиеленісуі, ауыз су сапасы стандарттарына сай емес;
суармалы дақылдар өнімділігі 1,5-2,0 есе төмендеді, суарудың ең қарапайым тәсілдеріне қайтып оралды;
ауыз су өндірісінің құлдырауы мен оны пайдалану көлемінің азайғанына қарамастан, суды ысырапсыз пайдалану проблемасы өткір сипатта қалуда. Суды бөлу көлемі 25%-ды құрады, тасымалдау кезіндегі ысырап су алудың 30%-на дейін жетеді;
белсенді шаруашылық жүргізілетін жерлерде су объектілері тұтыну мен өндіріс қалдықтарымен ластанған, нәтижесінде жер бетіндегі судың сапасы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай емес;
жер асты суларын ластау ошақтары кеңеюде;
нормативтік құқықтық базаның жетілдірілмеуі;
су шаруашылығы іс-шараларының жеткілікті қаржыландырылмауы;
су шаруашылығы кәсіпорындарының негізгі қорларының тозуы;
бассейндік су шаруашылығы басқармалары мен республикалық мемлекеттік су шаруашылығы кәсіпорындарының ұйымдастыру техникасымен, көлікпен, қазіргі көлік құралдарымен және жабдықтармен нашар жаракталуы;
Қазақстан Республикасы су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың жалпы мемлекеттік схемасының және мемлекеттің су саясатын айқындайтын басқа да негіз қалаушы құжаттардың (тұжырымдамалар, индикативтік жоспарлар, бағдарламалар) болмауы;

қазіргі уақытта суды пайдаланушылардың су ресурстарын пайдалануы мен суды беру жөніндегі кәсіпорындардың көрсеткен қызметтері үшін толық ақы төлеуді жүзеге асыруға қабілетсіздігі;

тұтынушылардың суды рәсуашылықпен пайдалануы; институционалдық (ұйымдастырушылық-басқару) проблемалары; экономиканың су секторын дамытуды жүйелі жоспарлауға жеткілікті назар аударылмауы;

экономиканың су секторындағы көп қырлы, күрделі, жауапты міндеттер мен проблемалардың су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті органның функцияларына сай келмеуі, оның қазіргі уақытта бірыңғай су шаруашылығы саясатын жүзеге асыру үшін өкілеттігі жетіспеуде әрі штат саны шектеулі.

7 . М ү м к і н д і к т е р

Өзен ағынын гидротехникалық құрылыстармен (арналармен, су қоймаларымен) және жер асты суларын пайдалануды реттеу есебінен қолда бар су ресурстарын ұлғайту ;

тұщы су өте тапшы аймақтарда шағын және орташа қуатты тұщыту қондырғыларын қолданып, сортаң және тұзды жер асты суларының тереңдегі орасан зор қорларын пайдаланылу ықтималы ;

суды үнемдеу технологияларын енгізу; ақылы суды пайдаланудың экономикалық тетігін жетілдіру; су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау мәселелерін шешу үшін ішкі көздермен қатар шетелдік қаржы ұйымдарының заемдарын, гранттарын тарту; ластанған суларды тазарту сулардың таусылуын, қоқысталуы мен ластануын болдырмау жөніндегі озық шетелдік және отандық технологиялар мен тәжірибені пайдалану ;

қолда бар шаруашылық әлеуетті, кадрларды жобалау және ғылыми әзірлемелерді пайдалану .

8 . Қ а у і п - қ а т е р л е р

Соңғы жылдары қажетті пайдалану іс-шараларының жеткілікті қаржыландырылмауы нәтижесінде жай-күйі нашарлаған бөгеттердің қирауы мен су қоймаларының шайылуы салдарынан, соның ішінде көптеген адам құрбанына да жеткізген авариялар мен апаттардың туындауы; бұл ретте халыққа орасан зор әлеуметтік-экономикалық нұқсанын тигізетін суармалы жерлердің орасан зор алқаптары суармалы судан құр қалады; жер асты және жер беті су ресурстарының таусылуы;

өз бетімен ағатын ұңғымалардан жер асты суларының өз бетімен ағуы нәтижесінде қоршаған ортаның ластануы;

әсіресе, елдің оңтүстік және батыс аймақтарында сумен қамтамасыз ету проблемасының шиеленісуі;

су ресурстарын бөлісу мәселелері бойынша Орталық Азия аймағындағы мемлекеттердің көзқарастарының сәйкес келмеуінен әрі оларды шешу тетіктерінің жоқтығынан, сондай-ақ барынша мол экономикалық және саяси пайда табу үшін іргелес мемлекеттердің өзінің географиялық жағдайын пайдалануға ұмтылуынан мемлекетаралық алауыздық туындауының ықтималдығы.

9. Әлемдік үрдістер

Мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігі тұрғысында әлемнің көптеген елдерінде, әсіресе су ресурстарының тапшылығынан суға көзқарас түбегейлі өзгеріп, су факторының рөлі күшеюде. Дүниежүзілік су форумында (Гаага, 2000 жылғы наурыз) жар салынған: "су ресурстарын басқару ахуалын түбегейлі түрде өзгерту қажет, әйтпесе таяу болашақта дүние қатты су дағдарысына ұшырайды" сияқты алаңдаушылық Қазақстан үшін де көкейтесті.

1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ-ның қоршаған орта мен даму жөніндегі халықаралық конференциясының қорытындысы 21 ғасырға арналған күн тәртібін қабылдау болды, онда қазіргі және болашақ ұрпақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында әлеуметтік-экономикалық

міндеттер мен қолайлы қоршаған ортаны әрі табиғи ресурстар әлеуетін сақтау проблемаларын теңдестіре отырып шешуді қамтамасыз ететін тұрақты даму қағидаты мен тұрақты дамуға дәйекті түрде көшуді жүзеге асыру қажеттігі мен мүмкіндігі бекітілді. Қазақстан да 21 ғасырға арналған ұлттық күн тәртібін әзірлеуге кірісті.

Су секторын басқару саласында мынадай ортақ сипаттамалары бар:

үкіметтің су қатынастарын реттеуінің жіті құрылымы;

кәсіби басқару;

саяси араласудың болмауы;

тиянақты жоспарлау мен қаржыландыру;

тұтынушыға бағдарлану;

су шаруашылығын қаржыландыруға арналған несиелердің қол жетімділігі;

бәсекелесуге қабілетті жеке сектор;

мемлекеттің орталықтандырылған көмегі (АҚШ -та, Германияда, Францияда және Қытайда ұлттық және аймақаралық деңгейдегі су шаруашылығы объектілерінің құрылысын салуға капиталды негізінен салушы мемлекет болып

табылады) сияқты үздік халықаралық практиканы бағдарға алу қажет.

4. Мемлекеттік су шаруашылығы саясаты мен стратегиясы

10. Ұзақ мерзімді мақсат, басымдықтары мен қағидаттары

Су шаруашылығы саясаты мемлекет "2030 - Стратегияда" жариялаған - республика азаматтарының денсаулығы мен әл-ауқаты үшін су ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану ұзақ мерзімді мақсатына қол жеткізілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Мақсатқа қол жеткізуге арналған негізгі басымдықтар:
экономиканың әртүрлі салаларын, жекелеген аймақтар мен кешендерді одан әрі дамыту жөніндегі талаптарды қанағаттандыру;
су ресурстарын ұтымды әрі ұқыпты пайдалану мен қорғау;
мемлекетаралық, облысаралық, және ауданаралық объектілерді мемлекеттің меншігінде сақтау;

суару үшін су көзінен ауыл шаруашылығы су пайдаланушысына дейін суды жеткізу жөніндегі қызметтер көрсетуге мемлекеттік монополияны сақтау;
халықты қажетті санымен және кепілді сапасымен ауыз сумен қамтамасыз ету;
саны да жеткілікті әрі тиісті сападағы су ресурстарымен қамтамасыз ету.

Қойылған міндеттерді шешу үшін су шаруашылығы саясаты мыналарға негізделуі тиіс:

су бассейнін біртұтас объект ретінде қарап, су ресурстарын басқару мен жер бетіндегі суларды қорғауды бассейндік қағидатпен құру қажет;

сумен жабдықтау жүйелері суды дайындаудың қазіргі технологияларын пайдалануға, су ресурстарын кешенді пайдалануға негізделіп, тұтынушыға көлікпен жеткізу кезінде су ысырабының азайтылуын қамтамасыз етуі тиіс;

сумен қамтамасыз етудің экономикалық негізі - су ресурстарына мемлекеттік меншік болуы тиіс;

су секторын тұрақты дамытудың негізі - су шаруашылығы объектілерін пайдалану мен ұстау шығындарын өтеуге суды тұтынушылардың (халықтың) қатысуы болуы тиіс;

арнайы су пайдалануға міндетті түрде ақы төленуі;
өндірістік және ауыл шаруашылығы су тұтынуы алдында ауыз сумен

жабдықтаудың әрі экологиялық су жіберудің басымдылығы;

су шаруашылығы жүйелерін қайта жаңарту мен қалпына келтіруге арналған сыртқы заемдарды жіберудің басымдылығы;

ағын судың экологиялық құрамдас бөлігі қағидаттарын ескере отырып, су тұтыну лимиттерін белгілеу;

су шаруашылығы объектілері мен оған байланған суармалы жерлердің ажырамауын қамтамасыз ету;

су шаруашылығы және гидромелиоративтік объектілер мемлекеттік ұйымдардың не суды пайдаланушылар бірлестіктерінің (СПБ) меншігінде немесе басқаруында (басқару мерзімін шектеген борыштық міндеттемелерді орындау кезіндегі уақытша басқару жағдайларын қоспағанда) болады.

11. Таяудағы мақсат пен басымдықтар

Ұсынылатын перспективада іске асырылуы ықтимал су шаруашылығының басым бағыттары:

су ресурстары мен суды пайдалануды басқарудың жүйесін жетілдіру;
қолданыстағы заңнамада экологиялық мәністерді күшейту.

Негізгі міндеттер:

су ресурстарын ұтымды әрі кешенді пайдалану;

су ресурстарын басқару функцияларын шаруашылық пайдалану функцияларынан ажырату мұның өзі мемлекет атынан тиісінше басқару мен бақылауды қамтамасыз етеді әрі су секторында жалпы мемлекеттік мүдденің сақталуына қол жеткізіледі;

соның ішінде жер асты сулары кен орындарын үдемелі пайдалану есебінен ауыз су мен жабдықтау сапасын жетілдіру;
әсіресе ірі су тораптарындағы су шаруашылығы құрылыстарының

қауіпсіздігін мемлекеттік техникалық қадағалау жүйесін қалыптастыру;

суды пайдаланудың тиісті нарық жағдайларына сәйкес құқықтық базасы мен экономикалық тетігін әзірлеу әрі жасау;

су объектілерінің мониторинг жүйелерін дамыту және су объектілерін пайдалануды мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру;

су объектілерінің жай-күйі мен оларды пайдаланушылар пайдалануының ерекшеліктерін ескеруге негізделген аймақтық су шаруашылығы саясатын жүргізу.

5. Ұлттық су саясаты мен стратегиясын іске асыру жөніндегі негізгі міндеттер

12. Су ресурстарын ұтымды пайдалану және сумен қамтамасыз ету

саласында

1. Мыналарды:

ірі өзендер бассейндері бөлінісінде Су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғаудың республикалық бағдарламасын;

бассейнішілік және аймақаралық қайта бөлу, сондай-ақ қолда бар жер бетіндегі әрі жер асты суларын ұтымды пайдалану есебінен, су ресурстарының қолда бар үлесін ұлғайту есебінен экономиканың салаларын, халықты және табиғи кешендерді сумен қамтамасыз етуді шешуге бағытталған жергілікті атқарушы органдардың аймақтық бағдарламаларын;

мыналарды: су тапшылығы өткір аймақтарда су сыйымдылығы мол өндірістерді дамытудың қарқыны мен көлемін шектеуді; барлық жерде суды үнемдейтін технологияларды, суды пайдаланудың айналмалы және тұйық жүйелерін енгізуді; өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында суды тұтынудың бір өнім бірлігіне үлесін азайту жөніндегі шараларды жүзеге асыруды; суды пайдалану саласындағы суды пайдаланудың ысырабын азайтуды; су шаруашылығы жүйелерін суды өлшейтін және суды реттейтін қазіргі құралдармен жарақтандыруды қамтитын Суды үнемдеу жөніндегі республикалық және аймақтық мақсатты бағдарламаларды;

су ресурстарын пайдаланғаны үшін қолданыстағы төлем ставкаларын оңтайландыру және саралау жолымен жер бетіндегі де, жер астындағы да суларды ұтымды пайдалану мен қорғаудың экономикалық тетігін әзірлеу және іске асыру.

2. Суды пайдаланушылар қаражаты есебінен су шаруашылығы объектілерін ұстау және жөндеу жөніндегі шығындарды өзін өзі ақтауына кезең-кезеңімен көшіріп, суды пайдаланушыларға суды беру жөніндегі көрсетілген қызметтер үшін баға құрауды жетілдіру жөнінде жағдай жасау.

3. Су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру.

4. Қазіргі заманғы басқару шешімдерін қабылдау үшін су ресурстарын пайдаланудың жай-күйін кешенді бағалау әрі талдау бойынша суды пайдалану мониторингінің бірыңғай ақпараттық жүйесін жасау.

5. Су ресурстарын ұқыпты пайдалану мен қорғау туралы қоғамдық пікірді қалыптастыру; су проблемаларын шешу жөніндегі шараларды жүзеге асыру саласындағы білімдерді ақиқатты жария ету мен таратуда бұқаралық ақпарат құралдарына көмек көрсету.

13. Таза экологиялық ахуалды сақтау мен қолдау саласында

1. Барлық пайдаланылатын су көздерінде (өзендер, көлдер, су қоймалары және т.б.) суды қорғау аймақтарын құру мен жайластыру арқылы негізгі өзендер бассейндеріндегі су экожүйелерін қалпына келтіру әрі сақтау.

2. Олардың су бассейніне антропогендік жүктемесін ескере отырып, жаңа өндірістерді орналастыру және ескі өндірістерді қайта жаңарту.

3. Суды ұтымды пайдаланудың экономикалық жағдайларын қалыптастыру.

4. Осымен өзендер мен тоғандардың ластануын санитарлық-гигиеналық және балық шаруашылығы талаптарының деңгейіне дейін азайтылуын қамтамасыз етіп, сарқынды суларды тазарту жөніндегі құрылыстарды салу әрі қайта жаңарту кезінде жаңа технологияларды енгізу арқылы тазартылмаған сарқынды сулардың су көздеріне тасталуын және сарқынды сулардың қайталама әрі айналымдағы сумен жабдықтауда п а й д а л а н ы л у ы н б о л д ы р м а у .

5. Қатаң нормалап, кейін су тастауды нормалаудан оларды болдырмауға көшіп, суды пайдалану мен тастаудың көрсеткіштерін әзірлеу. Жаңа кәсіпорындарды су объектілеріне ластаушы заттарды толық болдырмайтындай етіп салуды жүзеге асыру.

6. Өзен бассейндеріндегі су ресурстарын кешенді пайдаланудың схемаларын әзірлеп, олардың негізінде өзендер бассейндеріндегі табиғат қорғау әрі кешенді су жіберу к ө л е м д е р і н н е г і з д е у .

7. Шаруашылық кешенінде мақсатына сай пайдалану бойынша жер бетіндегі су айдындарының жіктемесін жасау, мемлекеттік бақылау шараларын және олардың пайдаланылуын реттейтін құжаттар тізбесін белгілеу.

8. Ішкі және шеткі су айдындарының (Балқаш, Арал, Каспий) деңгейлік әрі тұздануы режимін басқару жөнінде бағдарламалар әзірлеу.

14. Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету саласында

Жекелеген аймақтардың сумен қамтамасыз етілуі деңгейін орташа республикалық деңгейге дейін жеткізіп, біртіндеп теңестіру мақсатында экономикасы тоқыраған дағдарысты аудандардың, сондай-ақ "Ауыз су" мемлекеттік стандартының нормативтеріне сай келмейтін суы бар аудандардың басымдығын сақтау т а я у п е р с п е к т и в а д а :

1) халықтың денсаулығы нашарлауына жол бермеу мақсатында сумен жабдықтаудың қолданыстағы жүйесін тиісті техникалық күйде ұстау;

2) сумен жабдықтаудың жергілікті көздері болған кезде жеке тармақтарын (сегменттерін) алып тастап, оларды жергілікті (жекелеген елді мекендерге арналған) немесе шағын топтық жүйелермен (жақын орналасқан елді мекендерге арналған) ауыстырып, тотық су құбырлары бойынша су беру схемасын қайта қарау;

3) оларды бөлшектеу мүмкін емес немесе орынсыз қолданыстағы сумен жабдықтау жүйелерін тиісті техникалық күйде ұстау;

орта және ұзақ мерзімді перспективада:

- 4) кепілді сумен жабдықтау көздері болған кезде ірі кенттерді сумен орталықтандырылған жабдықтаудың жаңа жергілікті жүйелерін құру;
- 5) сумен жабдықтау көздерімен қамтамасыз етілмеген халқы тығыз аймақтарда сумен орталықтандырылған жабдықтаудың топтық жүйелерін құру;
- 6) қалалар мен ауылдық кенттердің халқын сапалы сумен қамтамасыз ету үшін суды дайындау және суды тазартудың жаңа құрылыстарын салу және қалпына келтіру;
- 7) жер асты суларын кеңінен пайдалануды қамтамасыз ету;
- 8) сумен жабдықтау объектілерінің құрылысын салуға әрі оларды пайдалану шығындарын өтеуге оны кеңінен тартып, халықты сумен қамтамасыз ету жөніндегі қызмет көрсетулер рыногын қалыптастыру;
- 9) сумен жабдықтауға арналған жабдықтар мен құрылғылар жасап шығару жөніндегі жоғары технологиялы өндірістік қуаттар құруға кірісу;
- 10) ауыз суды ұтымды пайдалану проблемалары бойынша халықтың хабардарлығы мен құлағдарлығын арттыру халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру;
- 11) ауыз сумен жабдықтау саласында ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізу;
- 12) 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған "Ауыз су" мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және іске асыру.

15. Экономиканың су секторын мемлекеттік басқару саласында

Басқару функцияларын шаруашылық жүргізу функцияларынан екі кезеңге ажыратып, су ресурстары мен су шаруашылығын басқарудың құрылымын реформалау (орталықсыздандыру, қайта құрылымдау) мен жетілдіруді жүзеге асыру.

Б і р і н ш і к е з е ã д е :

- 1) республикалық суағарларға (арналарға) жатқызылғандарын қоспағанда, республикалық меншіктегі суағарларды (арналарды) коммуналдық меншікке беру;
- 2) теңгерімде мемлекетаралық және облысаралық су шаруашылығы құрылыстары мен құрылғылары жоқ республикалық мемлекеттік су шаруашылығы кәсіпорындарын коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындары етіп қайта құру;
- 3) су шаруашылығы саясатын жүзеге асыру үшін нормативтік құқықтық базаны реформалау;
- 4) экономиканың әртүрлі салаларында (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, коммуналдық сумен жабдықтау және т.с.с) Суды пайдаланушылардың бірлестіктерін (ассоциацияларын) құруға жәрдемдесу;
- 5) олардың объектілерді пайдалану жөніндегі мүмкіндіктерінің кеңеюіне қарай коммуналдық су шаруашылығы объектілерін тікелей су пайдаланушылардың өздеріне немесе олардың бірлестіктеріне біртіндеп беруге жәрдемдесу;

6) су пайдаланушылардың бірлестіктерін құру және олардың суды жеткізу жөніндегі көрсететін қызметтерін ескере отырып, суды пайдаланудың экономикалық т е т і г і н ә з і р л е у .

Е к і н ш і к е з е ң д е :

7) су ресурстары жөніндегі уәкілетті органның қарамағындағы су шаруашылығы объектілерін пайдалану жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың базасында (республика үшін стратегиялық маңызы бар кәсіпорындарды қоспағанда) облыстарда еншілес кәсіпорындары бар су ресурстары жөніндегі уәкілетті органға ведомстволық бағыныстағы бірыңғай республикалық мемлекеттік кәсіпорын құрып, су ресурстары мен су шаруашылығын басқарудың құрылымын қайта ұйымдастыруды ж ү р г і з у ;

8) суды пайдаланушылар бірлестіктерінің (СБП) меншігіндегі де, сондай-ақ оларға сенімгерлікпен басқаруға берілген су шаруашылығы объектілеріне қызмет көрсету мен т е х н и к а л ы қ п а й д а л а н у ;

суды пайдаланушыларға суды жеткізу жөніндегі ұйымдастыру-техникалық көмек көрсету мақсаттарында СБП құру;

9) ұсынылып отырған схемаға сәйкес су ресурстары мен су шаруашылығын басқарудың құрылымын қайта ұйымдастыруды жүзеге асыру үшін қолданыстағы заңнамаға қажетті өзгерістер мен толықтыруларды белгіленген тәртіппен енгізу қажет. Жекешелендіруге жатпайтын су шаруашылығы объектілерінің тізбесін нақтылау қалғандарын қолданыстағы заңнамаға сәйкес жекешелендіру;

10) ақпараттық қызмет көрсетулер мен маркетинг желісін және жүйесін құруды ұ й ы м д а с т ы р у .

16. Траншекаралық су көздерін бірлесіп пайдаланудағы халықаралық ы н т ы м а қ т а с т ы қ с а л а с ы н д а

1. Траншекаралық су көздерін бірлесіп пайдалану жөніндегі келісімдер мен шарттарды әзірлеу кезінде Қазақстанның мүдделері қорғалуын қамтамасыз ету.

2. Көктеу кезеңінде мемлекетаралық шарттар жасасудан көпжылдық келісімдер ж а с а с у ғ а к ө ш у .

3. Қазақстанда бар табиғи ресурстарға және елдің транзиттік әлеуетіне іргелес мемлекеттердің қажеттіліктерін ескере отырып, трансшекаралық суларды пайдалану проблемасының кешенді шешімін іздеу қажет.

4. Траншекаралық суларды реттеу мен басқару жөніндегі мемлекетаралық органдардың қызметіне белсенді қатысу.

5. Қытай Халық Республикасымен қатынастарда:

2001 жылғы қыркүйекте қол қойылған Траншекаралық су ресурстарын

бірлесіп пайдалану мен қорғау саласындағы екі жақты келісімді бекіту;
судың сандық та, сапалық та көрсеткіштеріне бірлескен мониторинг жүйесін жасау;

су ресурстарының мониторингін жақсарту және трансшекаралық су объектілерінің жай-күйі туралы ақпарат алмасу;

трансшекаралық өзендерді кешенді пайдалану мен қорғаудың бірлескен схемаларын жасау;

трансшекаралық су ресурстарын бірлесіп пайдалану мен қорғау жөнінде үш жақты (Қазақстан, Қытай, Ресей) келісімдер жасасу жөнінде қадам жасау қажет.

6. Ресей Федерациясымен қатынастарда:

Ресейден келетін және онда ағатын су ресурстарының гидрохимиялық құрамына ерекше назар аудару;

Еділ өзені бассейнінен Батыс Қазақстанға қосымша су ағыны көлемін тарту;

Астрахань-Маңғышлақ суағарын қайта жаңартуды жүргізу.

7. Орталық Азия республикаларымен қатынастарда:

Орталық Азия республикаларының трансшекаралық ағын сулар мен халықаралық көлдерді пайдалану мен қорғау жөніндегі Хельсинки конвенциясына қосылуы жөніндегі жұмысты жандандыру;

Аралды құтқару жөніндегі Халықаралық Қордың қызметін қолдау; мемлекетаралық су шаруашылығы комиссиясы мен оның атқарушы органдарының мәртебесін көтеру;

Трансшекаралық су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік және аймақтық дерекқорларын қалыптастыру және ақпарат алмасу туралы келісім жасасу қажет.

8. Қырғыз Республикасымен қатынастарда:

су шаруашылығы объектілерін пайдалануға арналған жұмыс режимін белгілеу мен қажетті шығындар көлемін айқындау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссия құру.

17. Су ресурстарын басқарудың, пайдалану мен қорғаудың нормативтік құқықтық негіздері саласында

Қазақстан Республикасының Су К933000_ кодексін қайта өңдеу және қазіргі құқықтық, экономикалық, сондай-ақ елдегі экологиялық қатынастарға, су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы халықаралық шарттарға сәйкес қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу қажеттігін қарау керек.

18. Ғылыми-зерттеу, жобалау және білім беру саласында

1. Жер бетіндегі және жер асты суларының ресурстарын зерттеу мен бағалау су ресурстарын аумақтық қайта бөлудің, жер асты сулары пайдалануды және елдің сумен қамтамасыз етілуін арттырудың басқа да баламалы жолдарын кеңейту мүмкіндіктерін ғылыми және техникалық-экономикалық негіздеуді әзірлеу.

2. Су шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу жобалау және білім беру орталықтарының желісін дамыту үшін кәсіпкерлік және мемлекеттік емес құрылымдарға қолдау көрсету жөнінде жағдай жасау.

3. Республикалық және жергілікті бюджеттерде тиісті қаржы жылына арналып көзделген қаражаттың есебі мен шегінде, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаты және халықаралық ұйымдар мен донор елдердің гранттарын тарту есебінен республиканың жоғары және орта оқу орындарында су ресурстары мен су шаруашылығын басқару бойынша инженер кадрлар мен мамандар, мемлекеттік мекемелер қызметкерлерін даярлау және қайта даярлауды ұйымдастыру.

4. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, шаруашылық жүргізуші

субъектілердің қаражаттарын және халықаралық ұйымдар мен донор елдердің гранттарын тарту есебінен су пайдаланушыларды оқыту әрі озық технологияларды енгізу жөнінде аймақтарда консультациялық оқыту және ақпарат орталықтары желісін құру.

6. Қаржылық қамтамасыз ету

Су шаруашылығы саласын қаржыландырудың негізгі көздері:

республикалық бюджет;

жергілікті бюджет;

халықаралық ұйымдар мен донор елдердің гранттары;

мемлекеттік емес көздер.

Экономиканың су шаруашылығы секторын қаржыландыру жүйесін жетілдіру үшін мынадай проблемаларды шешу талап етіледі:

мемлекетаралық және республикалық маңызы бар су шаруашылығы объектілерін салу, қайта жаңарту және пайдалану республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады;

коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы объектілері тиісті жергілікті бюджеттердің есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК